Әділет

# Волонтерлікті дамытудың 2021 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 84-ө өкімі.

Қазақстан Республикасында волонтерлік қозғалысты дамыту мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Волонтерлікті дамытудың 2021 – 2023 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасын орындауға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары әкімдері және ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жол картасын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) жылына бір рет есепті жылдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне Жол картасының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне Жол картасы іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр* *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 22 сәуірдегі
№ 84-ө өкімімен
бекітілген

# Волонтерлікті дамытудың 2021 – 2023 жылдарға арналған жол картасы

| р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі | Болжамды шығыстар (мың тг.) | Қаржыландыру көздері | Сапалы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| I. Волонтерлік қызмет үшін қолайлы ортаны дамыту | | | | | | | |
| | "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет және қайырымдылық мәселелері бойынша | | АҚДМ, Еңбекмині, БҒМ, ДСМ, ТЖМ, МСМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент | | | | "Воло және мәселе Қаза Респу заңна |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Заңы | қалаларының әкімдіктері, "ҰВЖ" ЗТБ (келісу бойынша), ҮЕҰ (келісу бойынша) | 2021 – 2022 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | өзгер толық туралы |
| 2. | Волонтерлік қызметті қолдау стандартын әзірлеу | әдістемелік ұсынымдар | АҚДМ, "ҰВЖ" ЗТБ (келісу бойынша), БҰҰЕ (келісу бойынша) | 2021 жыл | 9 688,0 | РБ 001 "Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бағдарламасы | волон қолдау |
| 3. | Волонтерлік ұйымдар мен ҮЕҰ статистикалық есептілігін Ұлттық статистика бюросына енгізу арқылы волонтерлік қызметтің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін бағалауды енгізу | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, СЖРА, "ҰВЖ" ЗТБ (келісу бойынша), БҰҰЕ (келісу бойынша) | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | волон үлесі әлеуме даму енгізу |
| 4. | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар негізінде волонтерлік ұйымдардың бастамаларына жүйелі қолдауды ұйымдастыру | АҚДМ-ға ақпарат | облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | көзделген қаражат шегінде | ЖБ | кемінд жобан |
| 5. | Бизнес пен жеке тұлғаларды қайырымдылық және волонтерлік жобаларға қатысуға жанама ынталандырудың тиімді тетіктерін әзірлеу және енгізу | Үкіметке ұсыныстар | АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2022 жыл | қаржыландыруды талап етпейді | - | кемінд жобан |
| II. Волонтерлік қызмет бойынша инфрақұрылымды дамыту және оған қатысушылардың әлеуетін арттыру | | | | | | | |
| 6. | Волонтерлік бастамалар мен жобаларды жүйелі дамыту және үйлестіру үшін волонтерлердің республикалық фронт-офисінің қызметін ұйымдастыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ | 2021 жыл | 79 395, 0 | РБ 001 "Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бағдарламасы | белсен үлесін ұлғайт |
| | Волонтерлердің жүйелі дамыту бастамалар мен жобаларды жүйелі | | облыстардың, Нұр-Сұлтан, | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7. | дамыту және үйлестіру үшін волонтерлердің өңірлік фронт-офистерінің қызметін ұйымдастыру | АҚДМ-ға ақпарат | Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | көзделген қаражат шегінде | ЖБ | өңірле волон кемінд |
| 8. | Жергілікті жерлерде волонтерлік қызметті дамыту үшін ұзақ мерзімді негізде қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, оның ішінде волонтерлік ұйымдарға мемлекеттік меншік объектілерін пайдалану бойынша жеңілдіктер беру | АҚДМ-ға ақпарат | облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | бюджеттен тыс қаражат есебінен | - | волон дамыт волон жеңілд ұсыну |
| 9. | Әртүрлі бағыттар бойынша волонтерлерді даярлаудың бірыңғай бағдарламасын әзірлеу және енгізу | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, ІІМ, БҒМ, Еңбекмині, МСМ, Қаржымині, ТЖМ, "ҰВЖ" ЗТБ (келісу бойынша), БҰҰЕ (келісу бойынша) | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | әртүрл кемінд волон бағдар |
| 10. | Барлық білім беру ұйымдарында волонтерлік және қайырымдылық қызмет негіздері бойынша оқу тақырыптары мен факультативтік сағаттарды енгізу | АҚДМ-ға ақпарат | БҒМ, "ҰВЖ" ЗТБ (келісу бойынша) | 2021 жыл | қаржыландыруды талап етпейді | - | волон қайыр бойын мен сағатт |
| 11. | Елдегі жоғары оқу орындарының жалпы білім беру пәндері циклінің мазмұнына ( Community Service) волонтерлік қызмет жөніндегі бөлімді енгізу мәселесін пысықтау | АҚДМ-ға ақпарат | БҒМ | 2021 жыл | қаржыландыруды талап етпейді | - | жалпы пәнде мазмұ қатыс қамтам |
| 12. | Әлеуметтік қызметкердің екі волонтермен өзара іс-қимыл жасауы бойынша жұмыс жүргізу | АҚДМ-ға ақпарат | Еңбекмині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | әлеум көрсет жаңғы |
| | Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтарға | | АҚДМ, Әділетмині, | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13. | құқықтық мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсету жөніндегі жұмысқа волонтер-заңгерлерді тарту бойынша "Probono волонтерлері" жобасын іске асыру | Үкіметке ақпарат | ЖОО-лар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | жыл са консул |
| 14. | Телеграмм әлеуметтік желісінде "Онлайн дәрігерлер" жобасын іске асыру | консультациялар | АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | жыл с 000 ко |
| III. Азаматтардың волонтерлік қызметке қатысуын кеңейту | | | | | | | |
| 15. | Азаматтарды волонтерлікке тарту үшін ынталандырудың әртүрлі кезеңдерін көздейтін "Волонтер жолы" пилоттық жобасын іске қосу | жобаның тұжырымдамасы | АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "ҰВЖ" ЗТБ (келісу бойынша) | 2022 жыл | қаржыландыруды талап етпейді | - | жобаға волонт |
| 16. | Халықтың әртүрлі топтарын цифрлық, қаржылық, тілдік, компьютерлік сауаттылыққа оқытуда волонтерлік көмек көрсету жөніндегі "Birgemiz: Bilim" жалпыұлттық жобасын іске асыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | 2021 жылы – 19 762,0* 2022 жылы – 28 147,0** 2023 жылы – 28 147,0** | РБ * 004 "Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасы | қатыс оқыть волонт бастам кемінд беру |
| 17. | Денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастарды күтуде, оның ішінде хосписterде, онкологиялық диспансерлерде және т.б. көмек көрсету жөніндегі | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, ДСМ облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | 2021 жылы – 23 420,0* 2022 жылы – 28 147,0** 2023 жылы – 28 147,0** | РБ * 004 "Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету" республикалық | 500 во волон бастам |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | "Birgemiz: Saýlyq" жалпыұлттық жобасын іске асыру | | | | | бюджеттік бағдарламасы | кемінд беру |
| 18. | Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында балалар үйлеріндегі балаларға және жастарға, өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға қатысты волонтерлердің тәлімгерлік тәжірибесін енгізу жөніндегі " Birgemiz: Sabaqtastyq" жалпыұлттық жобасын іске асыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, БҒМ, Еңбекмині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | 2021 жылы – 23 420,0* 2022 жылы – 28 147,0** 2023 жылы – 28 147,0** | РБ * 004 " Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасы | тәлімг енгізу тап бо жастар тәлімг бастам кемінд беру |
| 19. | Қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу, қоқыстарды сұрыптауға үйрету жөніндегі " Birgemiz: Taza Álem" жалпыұлттық жобасын іске асыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, ЭГТРМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | 2021 жылы – 23 420,0* 2022 жылы – 28 147,0** 2023 жылы – 28 147,0** | РБ* 004 " Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасы | қатыс оқыты волон бастам кемінд беру |
| 20. | Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау жөніндегі "Birgemiz: Asyl mura" жалпыұлттық жобасын іске асыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, МСМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | 2021 жылы – 23 420,0* 2022 жылы – 28 147,0** 2023 жылы – 28 147,0** | РБ * 004 " Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасы | қатыс оқыты волон бастам кемінд беру |
| 21. | Қарттар үйлеріне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына волонтерлерді тарту | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, Еңбекмині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және | | 2021 жылы – 23 420,0* 2022 жылы – 28 147,0* | РБ * 004 " Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын | қатыс оқыты волон бастам |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жөніндегі "Birgemiz: Qamqor" жалпыұлттық жобасын іске асыру | | Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | * 2023 жылы – 28 147,0** | нығайтуды қамтамасыз ету " республикалық бюджеттік бағдарламасы | кеміңд беру |
| 22. | Жоғалған адамдарды іздеу, зілзала қауіп-қатерін азайту, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарын жою, оның ішінде отандастарымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі туралы баяндайтын құжаттарды іздестіру жобаларына волонтерлерді тарту жөніндегі "Birgemiz: Úmit" жалпыұлттық жобасын іске асыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, ІІМ, ТЖМ, Қорғанысмині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | 2021 жылы – 23 420,0* 2022 жылы – 28 147,0** 2023 жылы – 28 147,0** | РБ * 004 " Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету " республикалық бюджеттік бағдарламасы | қатыс оқыты волон бастам кеміңд беру |
| 23. | Жануарларға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру үшін волонтерлерді тартуға бағытталған " Birgemiz: Ayala" жобасын іске асыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ | 2021 – 2023 жылдар | 2021 жылы – 9 153, 0 2022 жылы – 28 147,0** 2023 жылы – 28 147,0** | РБ 004 " Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету " республикалық бюджеттік бағдарламасы | қатыс оқыты волон бастам кеміңд беру |
| 24. | Композиторлар арасында волонтерлер әнұранын шығаруға шығармашылық конкурс ұйымдастыру | волонтерлер әнұраны | АҚДМ, МСМ, "ҰВЖ" ЗТБ ( келісу бойынша) | 2022 жыл | бюджеттен тыс қаражат есебінен | - | кеміңд қамту |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | жыл с |
| 25. | Аға ұрпақты волонтерлік қызметке тарту бойынша "Күміс волонтерлік" жобасын іске асыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | 2021 жылы – 11 332,0 2022 жылы – 14 375,0** 2023 жылы – 14 375,0** | РБ 004 "Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету" республикалық бюджеттік бағдарламасы | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | азамат қызмет |
| 26. | Шеберлер, қолөнершілер, зергерлер, тоқымашылар, тігіншілер және т. б. қатарынан күміс волонтерлерді тарта отырып, ұлдарға арналған "Ата көрген оқ жонар" және қыздарға арналған "Ана көрген тон пішер" тегін үйірмелерін ұйымдастыру | АҚДМ-ға ақпарат | облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | бюджеттен тыс қаражат есебінен | - | үйірме оқушы қатысу |
| 27. | Медиа-волонтерлікті ілгерілету бойынша "Жақсылық жаршысы" жобасын іске асыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | бюджеттен тыс қаражат есебінен | - | кемін волонт қамту |
| 28. | Жобаға ҮЕҰ өкілдерін тарта отырып, автоволонтерлердің бірыңғай желісін құру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша) | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | кемін автово |
| 29. | Еңбек ұжымдарында корпоративтік волонтерліктің оң практикасын енгізу | Үкіметке ақпарат | АҚДМ | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | корпо волонт |
| 30. | Волонтерлік ұйымдардың (топтардың) басшылары мен үйлестірушілерін төтенше жағдайлар туындаған кездегі қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға оқыту | АҚДМ-ға ақпарат | ТЖМ | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | кемінд волонт |
| 31. | Волонтерлік ұйымдар мен волонтерлерді есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшелері өткізетін іс-шараларға қатысуға тарту | АҚДМ-ға ақпарат | ІІМ | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | кемінд қамту |
| 32. | Экологиялық проблемалардың интерактивті картасын жүргізу | ЭГТРМ-ға ақпарат | облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | тоқсан сайын | қаржыландыруды талап етпейді | - | халық ақпара кеңейт |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 33. | "Жер сағаты" дүниежүзілік акциясын өткізу | АҚДМ-ға ақпарат | ЭГТРМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 жыл | қаржыландыруды қажет етпейді | - | клима проблє ластан эколо тақыр қызын ынтала |
| 34. | "Бірге таза Қазақстан" республикалық акциясын өткізу | АҚДМ-ға ақпарат | ЭГТРМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 жыл | қаржыландыруды талап етпейді | - | аумақ жөнінд жүргіз |
| 35. | Ең үздік волонтерлік топтар көшбасшыларының слетін өткізу | АҚДМ-ға ақпарат | Алматы, Қызылорда облыстарының әкімдіктері | 2021 жыл | көзделген қаражат шегінде | ЖБ | кемінд қамту |
| 36. | "Жыл волонтері" сыйлығын алуға облыстық конкурс өткізу | АҚДМ-ға ақпарат | Қызылорда облысының әкімдігі | 2021 жыл | көзделген қаражат шегінде | ЖБ | конку жетке волонт |
| 37. | "Волонтерлер корпусы" жастар жобасын ұйымдастыру және өткізу | АҚДМ-ға ақпарат | Маңғыстау облысының әкімдігі | 2021 жыл | көзделген қаражат шегінде | ЖБ | волонт топтар орын волонт насиха |
| 38. | "Волонтерлер мектебі" жобасы аясында кәсіби волонтерлерді даярлау | АҚДМ-ға ақпарат | Нұр-Сұлтан қаласының және Қостанай облысының әкімдіктері | 2021 жыл | көзделген қаражат шегінде | ЖБ | 400 во оқуды сертиф |
| 39. | Әлеуметтік волонтерлік жобалар жәрмеңкесін өткізу | АҚДМ-ға ақпарат | Қостанай облысының әкімдігі | 2021 жыл | көзделген қаражат шегінде | ЖБ | кемінд |
| 40. | Әртүрлі жағдайлардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары және жалпы қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру туралы халықты ақпараттандыру бойынша телеграмм-ботты іске қосу | телеграмм-ботты іске қосу | АҚДМ, ТЖМ, "ҰВЖ" ЗТБ (келісу бойынша) | 2022 жыл | бюджеттен тыс қаражат есебінен | - | жыль консул |
| | Волонтерлердің бірыңғай іс-қимыл күндерін кеңінен жария ете отырып, өткізу: Халықаралық волонтер күні - желтоқсан; "Өмірді сақта" атты донор ретінде ерікті қан тапсыру акциясы – сәуір; | | АҚДМ, "ҰВЖ" ЗТБ (келісу бойынша), | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 41. | Атаулы әлеуметтік көмек беру акциясы "Жылулық сыйла" – мамыр; "Бірыңғай қауіпсіздік күні" – маусым; "Зооқамқорлық" атты жануарлар баспаналарына көмек беру күні – тамыз; Табиғатты аялау күніне орай "Таза планета" марафоны – қыркүйек | іс-шаралар | облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | волонт ету |
| 42. | Тәжірибе алмасу үшін және ашық диалог алаңында волонтерлік ҮЕҰ, бастамашыл топтар мен қоғамдық пікір көшбасшыларын жинау және Қазақстан Республикасында волонтерлік қызметті дамыту жөніндегі ұсыныстар мен перспективасын талқылау | іс-шаралар | АҚДМ, "ҰВЖ " ЗТБ (келісім бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | жылы |
| IV. Волонтерлік қызмет бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту | | | | | | | |
| 43. | Мемлекет басшысының БҰҰ БА-ның 75-ші сессиясында даму мақсатында волонтерлерді жұмылдырудың халықаралық жылын жариялау туралы сөйлеген сөзі барысында айтылған бастамаларын ілгерілету жөніндегі процестерді ұйымдастыру | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, СІМ, БҰҰЕ (келісу бойынша) | 2022 жыл | қаржыландыруды талап етпейді | - | даму волон жұмы халық асыру алгори |
| 44. | Қазақстанның мүдделерін әлемдік деңгейде ілгерілету мақсатында волонтерлік ұйымдардың халықаралық диалог алаңдарына онлайн немесе оффлайн форматта қатысу | Үкіметке ақпарат | АҚДМ, СІМ, БҰҰЕ (келісу бойынша) | 2021, 2023 жылдар | 2021 жылы –25 704,0* 2023 жылы – 26 256,0* * | РБ * 004 " Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету " республикалық бюджеттік бағдарламасы | Қазақ халық өкілд Кемін шетел |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 45. | Оң практика алмасу мақсатында волонтерлікті дамытудың шетелдік тәжірибесін талдау | ақпараттық-талдамалық материалдар | АҚДМ, СІМ, БҰҰЕ (келісу бойынша) | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | волонт бағыт іс-ша ұйымд есепке талдам қалып |
| 46. | "Жыл волонтері" халықаралық сыйлығын ұйымдастыру | сыйлықты табыстау рәсімі | АҚДМ, СІМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | 2021 жылы – 17 469,0* 2022 жылы – 17 557,0* *2023 жылы – 17 557,0** | РБ 004* " Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым - қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету " республикалық бюджеттік бағдарламасы | волонт бедел марапа саны қатысу 1000 б |
| V. Волонтерлікті дәріптеу | | | | | | | |
| 47. | Өңірлердегі волонтерліктің оң практикасын жинау, талдау, қорытындылау және елдегі тәжірибені мультипликациялау | оң тәжірибелер жинағы | АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, " ҰВЖ" ЗТБ ( келісу бойынша) | 2021 – 2023 жылдар | қаржыландыруды талап етпейді | - | жыл са тәжіри |
| 48. | Волонтерлік қызметті дамытуға бағытталған имидждік іс-шаралар өңірлік деңгейде өткізу | конкурстар, семинарлар, тренингтер | облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | көзделген қаражат шегінде | ЖБ | әр өңі волонт |
| 49. | Талдамалық мақалаларды баспа БАҚ-та жариялау және елдегі волонтерлікті дамыту бойынша телеарналарда жаңалықтар/өзге де сюжеттерді тарату | дайджестер | АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері | 2021 – 2023 жылдар | көзделген қаражат шегінде | РБ 003 " Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" | волонт насиха |

Ескертпе:

* Шығыстар 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен қаралатын болады.

** Шығыстар 2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен қаралатын болады.

аббревиатуралардың толық жазылуы:

| | | |
|---|---|---|
| **АҚДМ** | **–** | **Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі** |
| Әділетмині | – | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі |
| БҒМ | – | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| БҰҰЕ | – | Біріккен Ұлттар Ұйымының Еріктілер бағдарламасы |
| ДСМ | – | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |
| Еңбекмині | – | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| ЖБ | – | жергілікті бюджет |
| ЖОО | – | жоғары оқу орны |
| Қаржымині | – | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| Қорғанысмині | – | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| МСМ | – | Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі |
| РБ | – | республикалық бюджет |
| СЖРА | – | Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі |
| СІМ | – | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| ТЖМ | – | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі |
| "ҰВЖ" ЗТБ | – | "Ұлттық волонтерлер желісі" заңды тұлғалар бірлестігі |
| ҮЕҰ | – | үкіметтік емес ұйымдар |
| ІІМ | – | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| ЭГТРМ | – | Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі |
| БҰҰ БА | – | Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК